

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының екінші бағыты шеңберінде жобаларды қаржыландыру кезінде бюджеттік кредиттеу шарттарын анықтау туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі N 104/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 сәуірде N 3202 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облыстық әкімі аппарат басшысының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы N 1/5-06/1935 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облыстық әкімі аппарат басшысының 25.12.2013 N 1/5-06/1935 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 180-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесінің 543-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 наурыздағы "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін 2012 жылға кредит беру шарттарын бекіту туралы" N 293 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі N 819 қаулысымен бекітілген Микрокредиттік ұйымдар мен кредиттік серіктестіктерге конкурстық негізде кредит беру қағидасына, Павлодар облыстық мәслихатының (IV сайланған кезектен тыс XL сессиясы) 2011 жылғы 6 желтоқсандағы "2012 - 2014 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" N 404/40 шешіміне сәйкес облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Бюджеттік кредиттерді берудің 2012 жылға арналған мынадай шарттары белгіленсін:

беру мақсаты – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 316 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) екінші бағыты шеңберінде жобаларды қаржыландыру; кредит мөлшері – 769,5 млн. теңге;

к р е д и т в а л ю т а с ы – т е ŋ г е ;

кредитті игеру мерзімі – 2016 жылғы 25 желтоқсанға дейін;
кредит беру мерзімі – 5 жылға дейін;
негізгі қарызды өтеудің жеңілдікті кезеңі кредит мерзімі ұзақтығының үштен
б і р і н е н а с п а у ы т и і с ;

уәкілетті өңірлік ұйымға кредит ретінде бюджет қаражатын бергені үшін
сыйақы мөлшерлемесі – бюджет пайдасына аударуға жататын жылына 2,78%;

уәкілетті өңірлік ұйыммен микроқаржы ұйымына ұсынылатын кредит
бойынша жылдық сыйақы мөлшерлемесін, сондай-ақ Бағдарламаның
қатысушысына кредит бойынша ең жоғарғы жылдық тиімді сыйақы
мөлшерлемесін уәкілетті өңірлік ұйым Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын
іске асыру мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның келісімі бойынша
б е л г і л е й д і .

Бағдарламаның бір қатысушысына кредит қаражатын берудің ең жоғарғы
сомасы – 3000000 (үш миллион) теңге.

2. Жобаларды кредиттеу Бағдарламаның басымдықты бағыттарына сәйкес
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

3. Павлодар облысы әкімдігінің 2011 жылғы 20 қыркүйектегі "Жұмыспен
қамту 2020 бағдарламасының екінші бағыты шеңберінде жобаларды
қаржыландыру кезінде бюджеттік кредиттеу шарттарын анықтау туралы" N 187/
8 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3190 тіркелген, 2011 жылғы 22 қыркүйектегі N
108 "Звезда Прииртышья", 2011 жылғы 22 қыркүйектегі N 108 "Сарыарқа самалы
" г а з е т т е р і н д е ж а р и я л а н д ы) .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары
Д . Н . Т ұ р ғ а н о в қ а жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Е. Арын